Автор: Боранкулова Жұлдыз Сайыновна
Пән: Музыка
Сынып: 6-сынып
Бөлім: Музыка және өнер түрлері
Тақырып: Музыка және бейнелеу өнері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.1.1 - тыңдаған музыканы талдап, түрін, стилін және жанрын, оның ішінде басқа да өнермен қарым-қатынасын анықтау; 6.1.2.3 - көркемдік бейнесін шығару кезінде музыкалық және басқа да өнер туындыларының әселеуші құралдарын салыстыру; 6.2.2.1 - музыкалық көркемдікті, дауысты, музыкалық аспаптарды пайдаланып композицияларды құрастыру және импровизациялау;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: музыканың көркемдік ерекшеліктерін ажыратып, мәнін түсінеді; Көптеген оқушылар: Дыбыстарды есту арқылы музыкалық шығарманың мағынасына сай бейнелерді суреттей алады Кейбір оқушылар: Естіген музыкасына сәйкес бейнелерді елестету арқылы сурет сала алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Музыка , сурет, бейне, ырғақ, әуен, пезаж Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:
Күтілетін нәтиже:	Музыканың көркемдік ерекшеліктерін ажыратып, мәнін түсінеді; Дыбыстарды есту арқылы музыкалық шығарманың мағынасына сай бейнелерді суреттей алады.
Бағалау критерийлері:	Смайликтер арқылы бағалау
Құндылықтарды дарыту:	Бірін-бірі сыйлауға, тыңдауға, әділ бағалауға, шығармашылыққа тәрбиелеу. Тыңдаған музыканы бейнелелермен байланыстыру қиялын дамытуды қамтамасыз ету арқылы баланың бойындағы музыкалық қабілеттерін жетілдіру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, көрнекі құралдар т.б.
Пәнаралық байланыс:	Бейнелеу өнері
Бастапқы білім:	Музыка мен суреттің байланысы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру кезеңі Стартер. Миға шабуыл. Интерактивті тақтада тақырыпты ашуға көмектесетін жайлауды бейнелейтін суретпен «Сарыжайлау күйі» көрсетіліп тыңдатылады. Оқушылар сабақтың тақырыбын анықтайды. Сұрақ-жауап: Сурет пен музыка қалай байланысады? Берілген пейзаж музыканың мәнін аша алды ма? Бүгінгі тақырып қандай болуы мүмкін? Сабақтың мақсаттары мен бағалау критерийлері таныстырылады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	Топтық жұмыс Оқушылар «Пазл жинау» әдісі бойынша топтарға бөлінеді (сурет топтағы бала санына қарай бөлшектенеді). 1) 2) 3) 4) 1 тапсырма: Жеке жұмыс. Н.Тілендиевтің «Сары жайлау» әнін тыңдап қағаз бетіне бейнелеу. Дескриптор 1 • Тыңдалған шығарманың • Ән мәтінінің авторын табу • Әннің сазгерінінің есімін анықтау • Мәтін мен әуеннің мазмұндық үйлесімділігін талқылап айту • Әнді топпен аспаптарды қолдана отырып әндетіп беру • Өзге топтардың жұмысына баға беру ҚБ. Өзара бағалау. Бағалау критерийлері: 1. Әннің поэтикалық мәнін түсінеді 2. Авторытуралы мәлімет береді 3. Әуенін топта орындайды 2 тапсырма:Топтық тапсырма. Топтарға әр түрлі мәндегі 4 шумақ өлең жолдары таратылып беріледі Берілген мәтінге фондық музыка таңдап, ырғағына сәйкестендіре отырып мәнерлеп оқу Дескриптор 2 • Мәтінді талқылап, мәнін ұғыну • Мағынасына сәйкесетін фондық музыка табу немесе аспаптардың көмегімен сүйемелдеуді ұйымдастыру • Тыныс белгілерін ескере отырып мәнерлеп айтып беру • Өзге топтардың жұмысына бағалау ҚБ. Өзара бағалау. Бағалау критерийлері: 1. Мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін ажыратады. 2. Құрылымын сақтай отырып әуен шығарады. 3. Ырғақтық пен әуенді үйлесімді етіп орындайды.	
Сабақтың соңы (5 мин)	Рефлексия: «Мозаика» әдісі. 1. Маған ұнаған әрекет. 2. Маған қиындық тудырғаны. 3. Менің ұсынысым. 4. Менің көңіл-күйім. Кері байланыс. Мұғалім бағалау критерийлері бойынша не сәтті, не сәтсіз болғанына тоқталып, сындарлы кері байланыс береді.	
Рефлексия (5 мин)	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	